

3. Консилиум жұмысының қағидалары

- 3.1. Баланың тұлғасын құрметтеу және жағымды қасиеттеріне сүйену қағидасы.
- 3.2. Диагностиканы барынша педагогизациялау, психологиялық және педагогикалық білімді кіріктіру қағидасы.
- 3.3. Ақпараттың жабық болуы қағидасы. Бала тұлғасына моральдық зиян тигізбеу үшін Консилиумның қорытындысы немесе диагнозы көпшілікке жарияланбауы керек.
- 3.4. Өзара әрекеттестік қағидасы. Консилиумның әрбір маманы өз құзыреттілігінің аясында баланың дамуы мен жағдайын анықтау, оны ары қарай тәрбиелеу мен оқыту саласында болжамдар жасау сұрақтарын шешеотырып, жалпы көрініске өз түсінігін енгізеді.

4. Консилиум қызметтері

- 4.1. Диагностикалық:
 - 4.1.1. оқу мен тәртіптегі қиындықтарды анықтау;
 - 4.1.2. дамудың әлеуметтік жағдайын, ұжымдағы жай-күйді зерттеу;
 - 4.1.3. баланың әлеуетті мүмкіндіктері мен қабілеттерін анықтау.
- 4.2. Қолдаушылық:
 - 4.2.1. қолайсыз оқу-тәрбиелік немесе отбасылық жағдайға түскен баланың мүддесін қорғау;
 - 4.2.2. тиімді оқыту мен психологиялық-педагогикалық қолдау формаларын таңдау;
 - 4.2.3. білім беру ұйымында оқыту жағдайында, отбасылық тәрбиелеу әдістерімен де баланың әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту бойынша шараларды анықтау және әзірлеу;
 - 4.2.4. ата-ананың көзінде баланың мәртебесін арттыру мақсатында жүргізілетін отбасылық оңалту;

5. Консилиум жұмысын ұйымдастыру

5.1. Консилиум отырыстары қажеттілігіне қарай жүргізіледі. Бірақ оқу жылында әр бала (ерекше білім беруге қажеттілігі мен жеке мүмкіндіктері бар) үш реттен кем емес талқылануы қажет. Шұғыл жағдайларда отырыс жоспардан тыс жүргізіле алады.

5.2. Отырысты ұйымдастыру екі кезеңде жүреді.

5.2.1. 1 кезең – дайындық: консилиумға дайындықты әр қатысушы өздігінен жүргізеді; диагностикалық мәліметтерді жинақтау, жалпылау іске асырылады; алдын ала қорытындылар мен ұсыныстар жасалады; диагностикалық мәліметтер медициналық, психологиялық, логопедиялық, әлеуметтік, педагогикалық көрсеткіштер бойынша талданады.

5.2.2. 2 кезең – негізгі: диагностика нәтижелері бойынша талқылау жүргізіледі; ұжымдық шешім, ұсыныстар жасалады; ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың дамуы, денсаулығы мен білім алу ерекшеліктері туралы қорытынды жасалады

5.3. Талқыланған сұрақтар мен олардың шешімдері отырыстың Хаттамасында тіркеледі.

6. Консилиум құрамы

6.1. Нәтижелі және құзыретті жұмыс істеу үшін Консилиум құрамы жылжымалы болу керек. Оның құрамында тұрақты және уақытша қатысушылар кіредуі.

6.1.1. Тұрақты қатысушылар: Консилиум төрағасы/төрайымы (білім беру ұйымының жетекшісі немесе жетекшінің оқу-тәрбиелеу жұмысы жөніндегі орынбасары), психолог, сынып жетекшілер, логопед, педагог-дефектолог, әлеуметтік педагог.

6.1.2. Уақытша қатысушыларға пән мұғалімдері, эксперт ретіндегі әр түрлі маман-кеңесшілер, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспектор, тәрбиеші.

7. Консилиум бойынша құжаттар және олардың үлгілері

7.1. Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық консилиум туралы ереже.

7.2. Білім беру ұйымында Консилиумды құру туралы бұйрық (1 Қосымша). 7.3. Ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспары (2 Қосымша).

7.4. Балаларды Консилиумға тіркеу журналы (3 Қосымша).

7.5. Консилиумның отырыстарын, қорытындылары мен ұсыныстарын тіркеу журналы (3 Қосымша).

7.6. Педагогикалық мінездеме, мамандардың тұжырымдамасы және Консилиум қорытындысы (4 Қосымша).

7.7. Консилиум бойынша құжаттар мен олардың үлгілері білім беру ұйымының ерекшеліктерін ескере отырып толықтырыла алады.